

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 3 ақпан N 126

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті тиісті аумақтарда жүзеге асыратын атқарушы органдар мен аумақтарда санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың өзара іс-қимыл жасауының ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті тиісті аумақтарда жүзеге асыратын атқарушы органдар мен аумақтарда санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер жүйесінің құрылымы жергілікті атқарушы органдарға ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтірсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 2 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті тиісті аумақтарда жүзеге асыратын атқарушы органдар мен аумақтарда санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың өзара іс-қимыл жасауының ережесі

1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті тиісті аумақтарда жүзеге асыратын атқарушы органдар (бұдан әрі - атқарушы органдар) мен аумақтарда санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың (бұдан әрі - санитарлық-эпидемиологиялық сараптама

орталықтары) өзара іс-қимыл жасауы санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының тиісті аумақтардағы атқарушы органдарға есеп беруі әрі бағыныстылығы қағидаты бойынша анықталады.

2. Атқарушы органдар санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметін ү й л е с т і р е д і .

Осы мақсатта атқарушы органдар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету үшін қажетті санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасының көлемін белгілейді, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарына ұйымдастырушылық, әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді.

3. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары:

1) атқарушы орган белгілеген санитарлық-эпидемиологиялық сараптама көлемінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) атқарушы орган шешіміне сәйкес сынамалар алуға қатысады және құралдармен өлшеуді жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 2 6 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті тиісті аумақтарда жүзеге асыратын атқарушы органдар мен аумақтарда санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер жүйесінің құрылымы

1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті тиісті аумақтарда жүзеге асыратын атқарушы органдар:

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары;

қалалардың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары; аудандардың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары.

2. Аумақтарда санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер:

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары;

қалалардың санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары; аудандардың санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК